

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ISSN (Print) 2789-4320. ISSN (Online) 2789-4339

**ЭКОНОМИКА/ ECONOMICS/ ЭКОНОМИКА**

ХҒТАР 06.71.45
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2789-4320-2026-2-20-34

# ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

***Р.М. Бигожин [1], А.Б. Тулаганов*[2], Г.М. Мусиров[3]***

*[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
*[3]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

*E-mail: [1]bigozhin@enu.kz, *[2]tulaganov22@mail.ru, [3]mysirov@mail.ru*

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында жаңғыртудың негізгі бағыттары мен ерекшеліктерін талдау, сондай-ақ цифрлық трансформация үдерісінде жоғары білім берудің тиімділігін арттырудың заманауи тетіктерін айқындау.

Зерттеу барысында диалектикалық, дерексіз-логикалық, жүйелік, салыстырмалы және контент-талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар нормативтік-құқықтық актілерді, ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттарды талдау, статистикалық деректерді жалпылау және құрылымдық салыстыру тәсілдері пайдаланылды.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерістерінің қазіргі жай-күйіне талдау жүргізілді. Университеттердің академиялық және қаржылық автономиясын кеңейту, білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, кадрлық әлеуетті дамыту, ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру және цифрлық инфрақұрылымды нығайту жоғары білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттары ретінде айқындалды. Сонымен қатар цифрлық технологиялардың білім сапасына, басқару тиімділігіне және университеттердің бәсекеге қабілеттілігіне ықпалы бағаланды.

Авторлар жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында жаңғырту елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы екенін атап көрсетеді. Зерттеу нәтижелері негізінде жоғары білім беру саласын басқарудың тиімді тетіктерін жетілдіру, цифрлық трансформацияны институционалдық тұрғыдан қолдау және адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар тұжырымдалады. *Қорытындылар* – алынған нәтижелер білім беру саясатын жетілдіруде, университеттердің стратегиялық даму жоспарларын әзірлеуде және адами капитал сапасын арттыруда қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** жоғары білім, цифрландыру, жаңғырту, университет, сапаны қамтамасыз ету, адами капитал, ынтымақтастық.

**Received 20.11.2025. Revised 14.05.2026. Accepted 20.05.2026. Available online 30.06.2026**

*хат-хабар авторы

## Кіріспе

Жоғары білім беру адамзат өркениетінің дамуында маңызды әлеуметтік және экономикалық институттардың бірі ретінде ғасырлар бойы қоғамның интеллектуалдық және рухани әлеуетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарып келеді. Бүгінгі таңда жоғары білім жеке тұлғаның кәсіби және әлеуметтік бейімделуінің, экономикалық және инновациялық дамудың негізгі факторы болып отыр. Қазіргі қоғамда адам өмір бойы білім алу қағидатына сүйене отырып, жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге ұмтылады. Осы тұрғыда «өмір бойы үйрену» қағидасы жоғары білім берудің мәнін айқындай түседі.

Соңғы онжылдықта әлемдік білім беру кеңістігінде жоғары білімнің рөлін өзгертуді көздейтін үдерістер белсенді түрде жүріп келеді. Әлемдік білім беру қауымдастығы барған сайын университеттерге басымдық беріп, олардан білімге негізделген экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етуді күтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің экономикасы, саясаты, мәдениеті және білім беру жүйесінің ауқымды модернизациясы цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу жағдайында жүзеге асып жатқанын ерекше атап өтті (Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев, 2025). Мемлекет басшысы білім беру саласын жаңа технологиялық дәуір талаптарына бейімдеп, заманауи цифрлық инфрақұрылымды дамыту, оқытушылар мен студенттердің цифрлық құзыреттерін арттыру қажеттігін баса айтты.

Жоғары білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау жағдайында жаңғыртудың ерекшеліктерін зерттеу – теориялық тұрғыдан да, практикалық жағынан да маңызды міндет болып табылады. Бұл зерттеу білім беру саласындағы инновациялық даму бағыттарын айқындауға және университеттердің тұрақты дамуына ықпал ететін тиімді тетіктерді ұсынуға бағытталған.

Зерттеудің нысаны - Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі. Зерттеу пәні – жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында жаңғыртудың ұйымдастырушылық-экономикалық және басқарушылық ерекшеліктері. Ғылыми мақаланың мақсаты – жоғары білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау жағдайында жаңғыртудың тиімді тетіктерін айқындау және олардың даму бағыттарын ғылыми тұрғыда негіздеу.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды: жоғары білімді цифрландырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін талдау; отандық және халықаралық тәжірибені салыстырмалы түрде зерттеу; университеттердің цифрлық даму деңгейін бағалау; жоғары білім беру жүйесін жаңғыртудың тиімді басқару және экономикалық тетіктерін ұсыну.

Гипотеза – егер жоғары білім беру жүйесінің жаңғыртылуы цифрландыру мен инновациялық басқару тәсілдері негізінде жүзеге асырылса, онда оның сапасы мен тиімділігі артып, адами капиталдың жаңа сапалық деңгейіне қол жеткізіледі. Зерттеудің маңызы – алынған нәтижелер жоғары білім беру саясатын жетілдіруге, университеттердің даму стратегиясын әзірлеуге және цифрлық трансформация жағдайында басқару тиімділігін арттыруға практикалық үлес қосады.

## Әдебиетке шолу

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайындағы жаңғыртудың негізгі бағыттары мен ерекшеліктерін талдауға арналған нормативтік-құқықтық және стратегиялық құжаттар пайдаланылды.

Жоғары білім беру жүйесін цифрландыру және жаңғырту мәселелері қазіргі уақытта отандық және шетелдік зерттеушілердің назарында тұрған маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Әлемдік және ұлттық зерттеулердің талдауы бұл тақырыптың теориялық және практикалық тұрғыда кең маңызға ие екенін көрсетеді.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде жоғары білім беру жүйесінің институционалдық трансформациясы, университеттердің автономиясы, сапаны басқару және цифрлық даму үдерістері кеңінен қарастырылған. Жоғары білім жүйесінің қазіргі заманғы даму трендтерін, оның сыртқы және ішкі драйверлерін, сондай-ақ модернизация барысында кездесетін мәселелер мен оларды шешу жолдарын Li J. et al. (2024) жүйелі түрде қарастырады (Li et al., 2024). Machado және Davim (2023) мақаласында жоғары білім беру жүйесіндегі тұрақты даму мәселелерін жан-жақты талдауға арналған (Machado & Davim, 2023). Мәселен, Игнатова, Золотарева және Есенова (2025) еңбегінде Қазақстан университеттеріндегі автономды басқару

тетіктерінің қалыптасуы мен олардың тиімділігін арттыру мәселелері талданады (Игнатова и др., 2025). Мусина және әріптестері (2024) тұрақты даму рейтингтеріндегі қазақстандық жоғары оқу орындарының орны мен олардың халықаралық көрсеткіштерге сәйкестігін бағалайды (Мусина и др., 2024). Бурангулов (2023) Қазақстандағы жоғары білім беру саясатының қазіргі ерекшеліктері мен даму тенденцияларын айқындап, реформалардың әлеуметтік-экономикалық әсерін сипаттайды (Бурангулов, 2023).

Сонымен қатар, Жұмажанова мен Тыныбаева (2023) университеттердің ғылым, бизнес және мемлекет арасындағы үштік ынтымақтастық моделін зерттеп, жоғары білім мен инновациялардың интеграциясын дамытудың өзекті мәселелерін көрсетеді (Жумажанова & Тыныбаева, 2023). Денисова және әріптестері (2024) еңбегінде жоғары білімнің өңірлік әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлі айқындалған (Денисова и др., 2024). Макатова, Кучумова және Молдашев (2023) постпандемиялық кезеңдегі университеттердің стратегиялық жоспарлау тетіктерін талдап, білім беру жүйесінің тұрақты дамуына бағытталған басқарушылық тәсілдерді ұсынған (Макатова и др., 2023).

Шалдарбекова (2024) зерттеуінде халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстандағы жекеменшік жоғары оқу орындарының жіктелу ерекшеліктері қарастырылады (Шалдарбекова, 2024). Мусина (2023) жоғары білім беру жүйесіндегі трансформация жағдайында университеттердің тиімділігін бағалау әдістерін ұсынған (Мусина, 2023). Ал Искендирова мен Зейнолла (2024) еңбегінде жоғары білім беру сапасын басқару және бағалау жүйесінің қазіргі жағдайы мен проблемалары сипатталған (Искендирова & Зейнолла, 2024).

Аталған зерттеулер жоғары білім беру жүйесін жаңғыртудың түрлі аспектілерін аша отырып, бірқатар ғылыми олқылықтардың бар екенін де көрсетеді. Атап айтқанда, цифрландыру жағдайында жоғары білімнің экономикалық және басқарушылық тетіктерін кешенді зерттеу жеткіліксіз. Бұл мақала осы ғылыми кемшіліктерді толықтыруға және цифрлық трансформация жағдайында қазақстандық жоғары білім беру жүйесін тиімді жаңғыртудың ғылыми негіздерін ұсынуға бағытталған.

**Зерттеу әдістері**

Қарастырылған материалдарды тиімді жүйелеу және ғылыми тұрғыда талдау мақсатында зерттеу барысында теориялық және аналитикалық әдістер кешені қолданылды. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында модернизациялау мәселесін зерттеу үшін жүйелік, салыстырмалы, контенттік және синтез әдістері пайдаланылды.

Жоғары білім беруді цифрлық трансформациялау үдерісін сипаттау, оның негізгі бағыттары мен даму тенденцияларын айқындау синтез және дедукция әдістері арқылы жүзеге асырылды. Бұл әдістер әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді жинақтап, жүйелі талдау жасауға және жалпы заңдылықтар мен үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді. Цифрландырудың университет қызметінің академиялық, басқарушылық және экономикалық салаларына әсерін бағалау үшін жалпылау әдісі қолданылып, нақты мысалдар мен статистикалық деректер негізінде тұжырымдар жасалды.

Әлемдік жоғары білім беру жүйесіндегі модернизация тәжірибесін зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, Финляндия, Оңтүстік Корея, Америка Құрама Штаттары сияқты елдердің цифрландыру саясаты мен қазақстандық тәжірибенің айырмашылықтары мен ұқсастықтары анықталды. Бұл тәсіл Қазақстандағы жоғары білім беру саласында цифрлық трансформацияны тиімді жүргізудің оңтайлы үлгілерін айқындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жүйелік талдау әдісі жоғары білім беру жүйесінің құрылымдық элементтерінің өзара байланысын кешенді түрде қарастыруға пайдаланылды. Цифрландыру үдерісіндегі университеттердің академиялық еркіндігі, басқару құрылымы және кадрлық әлеуеті арасындағы тәуелділіктер зерттелді. Аталған зерттеу әдістері жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында модернизациялаудың негізгі бағыттарын, өзекті мәселелерін және даму перспективаларын кешенді түрде анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесінде жоғары білім беру саласындағы цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, білім сапасын бағалау жүйесін автоматтандыру, оқытушылардың цифрлық құзыреттерін дамыту және университеттердің инновациялық әлеуетін арттыру жоғары білімді жаңғыртудың негізгі бағыттары ретінде айқындалды.

**Нәтижелер және талқылау**

Қазіргі заманғы сын-қатерлер - цифрландыру, халықаралық бәсекелестік, инновациялық даму үшін кадрлар даярлау қажеттілігі жоғары мектепті басқару құрылымын, мазмұны мен тетіктерін кешенді жаңартуды талап етеді. Жүргізіліп жатқан реформалар білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар университеттердің ғылыми-инновациялық орталықтар ретіндегі рөлін күшейтуге бағытталған.

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңі XX ғасырдың 20-30 жылдарымен тікелей байланысты. Республика аумағындағы алғашқы жоғары оқу орны - 1928 жылы Алматы қаласында кеңестік билік шешімімен ашылған Қазақ мемлекеттік университеті болды (Искендирова & Зейнолла, 2024).

Жоғары білім беру жүйесі ауқымды өзгерістер кезеңіне қадам басты. Бұл өзгерістер ішкі қажеттіліктермен қатар, жаһандық бәсекелестіктің күшеюімен де байланысты. Университеттердің табысты дамуының басты шарттары – бейімделгіштік, бизнес пен мемлекетпен өзара іс-қимылдың әртүрлі нысандары, еңбек нарығындағы өзгерістерге жедел жауап беру және жүйелік инерттілікті еңсеру болып табылады.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарындағы өзгерістер демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сын-қатерлерге, сондай-ақ жаһандық білім беру нарығындағы позицияны нығайту қажеттілігіне және ішкі инновациялық өсу мен ғылыми әлеуеттің орталықтарын қалыптастыруға байланысты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан жоғары білім сапасын және оның жаһандық ауқымдағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жүйелі әрі терең ойластырылған реформаларды іске асырды. 2010 жылы Болон үдерісіне қосылу - ұлттық білім беру жүйесін халықаралық кеңістікке кіріктіруді қамтамасыз еткен маңызды қадам болды. Реформалар аясында жоғары оқу орындарын лицензиялау талаптары едәуір қатаңдатылып, олардың филиалдарының қызметіне тыйым салынды, бұл білім беру қызметтерінің сапа стандарттарын арттыруға және институционалдық бытыраңқылықты азайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасында 2018 жылы қабылданған заңнамалық өзгерістер («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 4 шілдедегі №171-VI ҚРЗ) университеттерге неғұрлым кең академиялық және басқарушылық дербестік берді, бұл олардың тиімділігін арттырудағы негізгі факторға айналды. 27 мемлекеттік жоғары оқу орны коммерциялық емес акционерлік қоғамдар ретінде қайта құрылып, басқарудың ашықтығы мен жауапкершілігі артты. Академиялық адалдық лигасының құрылуы да білім беру ортасында ашықтық пен сенім мәдениетін нығайтқан маңызды жетістік болды.

2019 жылдан бастап сырттай оқыту нысанының жойылуы және мемлекеттік білім гранттарына қабылдау ережелерінің күшеюі кадрлар даярлау сапасын арттырудың маңызды тетігіне айналды. Бұл шаралар және басқа да реформалар қазіргі заманғы, инновациялық және әлемдік стандарттарға сай келетін бәсекеге қабілетті жоғары білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған мемлекет саясатының дәйектілігін көрсетеді.

Жоғары білім беру жүйесінің жағдайы оның қаржыландыру деңгейіне айтарлықтай байланысты. Жалпы алғанда, соңғы 20 жылда білім беру саласына бөлінетін бюджеттік қаражаттың үлесі артқаны байқалады.

**Кесте 1 – Қазақстан Республикасындағы білім беру саласына шығындар**

| Жыл | Білім беруге шығындар, трлн тг | ЖІӨ-дегі үлесі, % | Бюджеттегі үлесі, % |
|---|---|---|---|
| 2022 | 5,1 | 4,46 | 20 |
| 2023 | 5,8 | 4,80 | 21 |
| 2024 | 6,7 | 4,96 | 22 |
| 2025 (II тоқсан)/жылдық болжам | 1,9/~7,2 | ~5,2 | 22,5 |

Ескертпе: (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, 2025)дереккөз негізінде құрастырылған

Егер 1999 жылы білім беруге мемлекеттік инвестициялар 67,0 млрд теңгені (ЖІӨ-нің 3,6%) құраса, бес жылдан кейін, 2004 жылы, бұл көрсеткіш 195,6 млрд теңгеге (ЖІӨ-нің 3,3%) дейін артты. 2009 жылы - 746,0 млрд теңге (ЖІӨ-нің 4,4%), 2014 жылы – 1 471,7 млрд теңге (ЖІӨ-нің 3,6%), 2019 жылы – 2 332,0 млрд теңге (ЖІӨ-нің 3,62%) болды. Қазақстанда білім беру бюджеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. 2024 жылы білім беру шығындары 6,7 трлн теңгеге жетті, бұл ЖІӨ-нің шамамен 4,96% және барлық мемлекеттік шығыстардың 22% құрайды, бұл Қазақстанның тәуелсіздік тарихындағы ең жоғары көрсеткіш болып саналады.

Білім беру саласында Қазақстан негізінен мемлекеттік қаржыландыру моделін ұстанады, бұл білім берудің салыстырмалы қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Дегенмен белсенді мемлекеттік қолдаудың болуы жағдайында да студенттердің шамамен үштен бірі жыл сайын ақылы негізде білім алады.

Соңғы 20 жылда Қазақстандағы білім беру саласының қаржыландыру көлемі 34,8 есеге, ал соңғы 10 жылда — 3,1 есеге өсті. Бұл айтарлықтай шығындар болғанымен, дамыған елдерде бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары. Салыстырмалы түрде алғанда, Қазақстанда соңғы жылдары білім беру саласына орта есеппен ЖІӨ-нің шамамен 4% бөлінсе, Дүниежүзілік банктің деректеріне сәйкес, АҚШ-та жыл сайын ЖІӨ-нің 5,4-6%, Оңтүстік Кореяда — шамамен 5,8%, ал Норвегияда — 4-6,6% білім саласына бағытталады.

QS World University Rankings (QS-WUR) нәтижелері бойынша Қазақстанның бірнеше жоғары оқу орны әлемнің үздік 700 университетінің қатарына енді. Бұл университеттер QS әдістемесінің негізгі көрсеткіштері — академиялық бедел, жұмыс берушілер арасындағы бедел, студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының арақатынасы, бір зерттеушіге шаққандағы ғылыми жарияланымдардың дәйексөзі, шетелдік оқытушылар мен студенттердің үлесі. Назарбаев Университеті (NU) 501–600 орындар аралығындағы топқа кіріп, әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының жоғары 30%-ның қатарынан орын алды. Салыстыру үшін: бағаланған қазақстандық жоғары оқу орындарының ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - 1201–1500, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ және Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ - 1500+ орындарда орналасқан.

2024 жылы Қазақстан өз позициясын жақсартып, QS World University Rankings 2025 рейтингіне елдің 21 жоғары оқу орны енді. Олардың ішінде бесеуі өз көрсеткіштерін жақсартса, төртеуі алдыңғы жылдағы деңгейін сақтап қалды. Солардың ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) ерекше көзге түсіп, әлемнің үздік 200 университетінің қатарына қайта оралып, 163-орынды иеленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел ішінде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасына сәйкес, 2024 жылғы шілдеде Ғылым және жоғары білім министрлігі 2024 жылы жеті шетелдік университет филиалының өз жұмысын бастады. Олардың қатарында: Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті – М. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті базасында; Лотарингия университеті (Франция) – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті базасында; Гонконг университеті – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті базасында; Пекин шет тілдері және мәдениеті университеті – Астана халықаралық университеті базасында және басқа да жоғары оқу орындары бар.

Соңғы үш жылда Қазақстандағы әрекет етіп отырған жоғары оқу орындарының саны 112–120 аралығында өзгеріп отыр. 2022–2023 оқу жылында елімізде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының саны 116 болды. 2023–2024 оқу жылының басында жоғары оқу орындарының саны 112-ге дейін азайған. Ал Primeminister.kz сайтының деректеріне сәйкес, 2024 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орындарының саны 120-ға жеткен. Мұндай айырмашылық БҒМ жүргізген жоғары оқу орындарын оңтайландыру, талаптарға сай келмейтін университеттерді жабу шараларымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, осы кезеңде елде жаңа университеттер мен институттардың филиалдары ашылған.

2024-2025 оқу жылының басына Қазақстан Республикасында жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындарының саны - 113 ұйымды құрады. Соңғы 5 жыл ішінде жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдардың саны 9,6% қысқарды. 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда студенттер саны 8,5% өсті.




**Сурет 1 – Жоғары білім ұйымдарының саны, оқу жылына бірлік**

Ескертпе: (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, 2025) дереккөз негізінде құрастырылған

Кесте мәліметтері бойынша, Қазақстандағы жоғары оқу орындары негізінен ірі қалаларда шоғырланған (Сурет 1): ең көп саны Алматы қаласында (37), одан кейін Астана (14) және Шымкент (9) қалалары орналасқан. Қарағанды мен бірнеше облыстарда (Қостанай, Ақтөбе, Павлодар, Батыс Қазақстан) 6–8 жоғары оқу орны бар болса, басқа өңірлерде олардың саны едәуір аз, ал Маңғыстау мен Жетісу облыстарында тек бір оқу орны ғана бар. Бұл деректер жоғары білім беру инфрақұрылымының өңірлік теңсіздігін және білімге қолжетімділікті арттыру қажеттілігін айқын көрсетеді.




**Сурет 2– Меншік түрлері бойынша оқу орындарының саны, пайызбен**

Ескертпе: (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, 2025)дереккөз негізінде құрастырылған

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының басым бөлігі жеке меншікке (56,6%) тиесілі, ал мемлекеттік оқу орындарының үлесі – 42,5%, және шетелдік жоғары оқу орындары – небәрі 0,9% құрайды (Сурет 2). Бұл көрсеткіштер жоғары білім беру саласында жекеменшік сектордың айтарлықтай үлеске ие екенін және білім беру нарығында бәсекелестік ортаның қалыптасқанын білдіреді. Сонымен қатар, шетелдік оқу орындарының үлесінің аздығы халықаралық білім беру ықпалдастығын арттырудың өзектілігін көрсетеді.

Мемлекеттік жоғары білім ұйымдарында оқитын студенттердің үлесі 51,3%, жеке меншік ұйымдарында - 48%, шет меншігі – 0,7% құрады.

Қабылдау квотасы бойынша жоғары білім беру ұйымдарында 82,7 мың адам оқиды, оның ішінде 29,4 мың адам - ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтар, 23,7 мың адам – төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балалар, 11,2 мың адам – толық емес отбасылардан шыққан балалар.

Ұлттық статистика мәліметтеріне сәйкес, 2024-2025 оқу жылына түскен студенттердің жалпы санынан 73,5% жалпы орта білім базасында, 18,8% техникалық және кәсіптік білім базасында және 7,7% жоғары білім негізінде қабылданды. Басқа қалалардан келген студенттердің жалпы саны 336,4 мың адамды

құрады. Жатақханаға мұқтаж студенттер саны 131,4 мың адамды құрады, оның ішінде 95,9 мың студент жатақханада тұрады.

2024-2025 оқу жылының басына республиканың жоғары білім беру ұйымдарында 37599 оқытушы жұмыс жасады, оның ішінде 14699 адам (39,1%) магистр академиялық дәрежесіне ие, 10374 адам (27,6%) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне ие, 4841 адам (12,9%) философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ие.

Ұлттық статистика мәліметтеріне сүйенсек, соңғы бес жылда Қазақстанда жоғары білім беру жүйесінде оң динамика байқалады. 2019–2020 оқу жылымен салыстырғанда жоғары оқу орындарында оқитын студенттер саны 8,5%-ға артқан, ал жоғары білім беру ұйымдарының саны 9,6%-ға қысқарған. 2020 жылы студенттер саны 575,5 мың болса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 624,5 мың адамға жеткен. Бұл өсім жоғары білімге деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді.

**Кесте 2 – Қазақстан Республикасындағы 2020-2024 жж. ЖОО саны мен студенттер динамикасы**

| Жыл | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| ЖОО саны | 125 | 122 | 116 | 112 | 113 |
| Студенттер саны, мың адам | 575,5 | 576,6 | 578,2 | 592,7 | 624,5 |

Ескертпе: (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, 2025) дереккөз негізінде құрастырылған

Диаграмма мәліметтері бойынша 2020–2024 жылдар аралығында Қазақстанда жоғары оқу орындарының саны азайғанымен, студенттер санының тұрақты өсімі байқалады. 2020 жылы оқу орындарының саны 125 болса, 2024 жылы ол 113-ке дейін төмендеген. Алайда, студенттер саны осы кезеңде 575,5 мыңнан 624,5 мыңға дейін өсіп, шамамен 8,5%-ға артқан. Бұл үрдіс жоғары білім беру жүйесінің оңтайландырылып, ірі әрі сапалы оқу орындарына шоғырлануымен қатар, жоғары білімге деген сұраныстың арта түскенін көрсетеді.

Жоғары оқу орындары көрсететін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында Ғылым және жоғары білім министрлігі университеттерді төрт лигаға бөлу жөніндегі ауқымды жобасын бастады. Бірінші лигаға ғылыми жетістіктері жоғары және халықаралық деңгейде мойындалған университеттер кіреді. Екінші лигаға ұлттық деңгейде үздік нәтижелер көрсеткен жоғары оқу орындары енеді. Үшінші лига аймақтық және салалық университеттерден тұрады, ал төртінші лигаға қалған оқу орындары біріктіріледі.

Университеттің қай лигаға жататыны академиялық еркіндік деңгейін, мемлекеттік гранттардың көлемін және олардың қызмет сапасына қойылатын талаптарды айқындайтын негізгі фактор болмақ.

Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары анықталды. Қазақстандағы академиялық адалдық лигасына 16 университет кіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша уәкілетті тұлғалар тағайындалып, комплаенс-офицер лауазымы енгізілді.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында жаңғыртудың қарқынды жүріп жатқанын көрсетті. Университеттер оқу процесіне заманауи цифрлық платформаларды (Moodle, Canvas, Platonus, Univer, SmartNation т.б.) енгізіп, білім алушылардың дербес оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр. Бұл өз кезегінде оқу сапасын арттырып, академиялық икемділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қашықтан және аралас оқыту форматтарының тұрақты қолданылуы білім беру қызметтерінің қолжетімділігін кеңейтті.

Зерттеу барысында анықталғандай, жоғары білім беруді цифрлық жаңғыртудың негізгі бағыттары: басқару жүйесін автоматтандыру, цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, оқытушылардың цифрлық құзыреттерін дамыту және білім сапасын деректерге негізделген талдау арқылы бағалау болып табылады. Университеттердің ішкі басқару жүйелерінде деректерді талдау (Learning Analytics), жасанды интеллект негізіндегі бақылау жүйелері мен цифрлық әкімшілік шешімдер енгізілуде. Бұл басқарушылық тиімділікті арттырып, шешім қабылдау процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері аймақтық университеттер мен жетекші ұлттық ЖОО арасында цифрлық даму деңгейінің айтарлықтай айырмашылығы бар екенін көрсетті. Бұл теңсіздік көбіне инфрақұрылымның әркелкілігімен және қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігімен байланысты.

Цифрландыру үдерісін тиімді жүзеге асыру үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін күшейту, цифрлық инфрақұрылымды жаңарту және оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру бағытында жүйелі шаралар қажет.

Жоғары білім беру жүйесін жаңғыртудың әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, тиімді реформалар тек ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып және халықаралық үлгілердің үздік элементтерін бейімдеу арқылы жүзеге асады. Қазақстан жағдайында жоғары білім саласындағы модернизация үдерісін табысты жүргізу үшін Финляндия, Оңтүстік Корея, АҚШ және Германия сияқты елдердің үлгілері маңызды ғылыми-тәжірибелік мәнге ие.

**Кесте 3 – Жоғары білім беруді жаңғыртудың халықаралық модельдері**

| **Модель** | **Ел** | **Негізгі сипаттамасы** | **Нәтижелері** |
|---|---|---|---|
| Фин моделі | Финляндия | Құзыреттілікке бағытталған оқыту, университеттердің жоғары автономиясы, еңбек нарығымен тікелей байланыс, білімге тең қолжетімділік. | QS және PISA рейтингтерінде жетекші орындар, жоғары оқу орындарына қоғамның сенім деңгейі өте жоғары |
| Корей моделі | Оңтүстік Корея | Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік, технологияландыру, STEM бағыттарына басымдық, білім берудің цифрландырылуы | Білім беру секторының экономикалық өсімге қосқан үлесі, білім беру технологияларын экспорттау, жоғары инновациялық белсенділік |
| Американдық модель | АҚШ | Университеттердің жоғары автономиясы, икемді қаржыландыру жүйесі, ғылыми бәсекелестік, академиялық ұтқырлықтың кең мүмкіндіктері | Ғылыми жарияланымдар мен инновациялар саны бойынша әлемдік көшбасшы, зерттеу университеттерінің жоғары сапасы |
| Неміс моделі | Германия | Дуальды білім беру жүйесі, өнеркәсіппен тығыз байланыс, тегін жоғары білім, тәжірибеге бағытталған оқу бағдарламалары | Түлектер арасындағы жұмыссыздық деңгейінің төмендігі, кәсіптік сектордың тұрақты дамуы |

Ескертпе: (Горкуша & Капитонова, 2022)дереккөз негізінде құрастырылған

Финляндия моделі - білім беру жүйесінің тең қолжетімділігі мен құзыреттілікке бағытталған оқытуды басым қоятын үлгі. Бұл елде университеттер академиялық еркіндікке ие және білім мазмұны еңбек нарығының сұранысына бейімделген. Қазақстанда бұл тәжірибе «құзыреттілікке негізделген білім беру» тұжырымдамасын кеңейту, оқытушылардың академиялық еркіндігін қамтамасыз ету және өмір бойы білім алу қағидасын енгізу арқылы тиімді қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, финдік тәжірибедегі студентке бағытталған оқыту тәсілдері елімізде білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Оңтүстік Корея моделі - мемлекеттік және жекеменшік серіктестікке, STEM бағыттарын дамытуға және технологиялық инновацияларды жаппай енгізуге негізделген. Бұл модельдің ерекшелігі – цифрлық экономика мен білім беру арасындағы өзара тәуелділіктің жоғары деңгейі. Қазақстан үшін бұл бағытта жоғары оқу орындары мен IT-компаниялар арасында ынтымақтастықты кеңейту, цифрлық зертханалар мен инновациялық технопарктер құру өзекті болып табылады. EdTech индустриясымен серіктестік орнату университеттердің қаржылық тұрақтылығын арттырып, олардың ғылыми әлеуетін күшейтеді.

Американалық модель - академиялық және қаржылық автономияға, зерттеу бәсекелестігіне және халықаралық академиялық ұтқырлыққа негізделген. Қазақстанда бұл тәжірибені бейімдеу университеттердің басқару жүйесін икемді ету, корпоративтік басқару мәдениетін енгізу және халықаралық серіктестік желілерін дамыту арқылы мүмкін. Сонымен қатар, американалық тәжірибеде байқалатын жеке инвестициялар мен венчурлық қаржыландыруды тарту тетіктері еліміздегі университеттердің инновациялық жобаларын іске асыруда қолданыс таба алады.

